



Автор: Альдикенова Анар Альмухановна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Денсаулық – зор байлық

Тақырып: Гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Ж5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу
Сабақтың мақсаты:	7.Ж5. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу.
Тілдік мақсаттар:	Биотехнология дегеніміз — биологиялық организмдердің қатысуымен жүретін процестерді, адамның мақсатына сай өзгерту арқылы өндірісте пайдалану. Гендік модификация — биотехнологиялық жолмен суыққа, ыстыққа төзімді өсімдік өсіру.
Күтілетін нәтиже:	Ойды жинақы беріп, сөз тіркестері мен синонимдік қатарды ауыстыра отырып мәтін жазу.
Бағалау критерийлері:	• Мәтін құрастыра жазудың талаптарын біледі; Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде өз ойын жинақы бере алады; Жарнамалай біледі.
Құндылықтарды дарыту:	талду, ой жеткізу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта аудиовизуалды материалды демонстрациялауға қолданылады.
Пәнаралық байланыс:	Биология, химия, қоғам
Бастапқы білім:	тақырыпты ашып, сөз тіркестерін табу

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Оқушылармен амандасу, оларды түгендеу, дәптерлеріне бүгінгі күнді жазғызу. Қызығушылықты ояту. Мақалды қиынды қылып оқушыларға таратып, жалғасын тауып құрастырып, құраған мақал бойынша 3 топқа бөлу. 1.Таңертеңгі асты тастама, Кешкі асқа қарама. 2.Дос-жаран ауырып қалғанда, Елемей селсоқ жүрерсің. Әлекке ауру салғанда, Қадірін жанның білерсің. 3.Ауырып, ем іздегенше, Ауырмайтын жол ізде. Сабақтың тақырыбы, мақсаты хабарланады. Күтілетін нәтижелер белгіленеді.	Слайд

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар												
Сабақтың ортасы (20 мин)	<p>Мағынаны тану кезеңі. I. Оқылымалды тапсырмасы. 1. Мәтінді мәнерлеп оқиды Оқылым тапсырмасы. Оқушылар оқылым мәтінін оқиды. Оқылым мәтіні. Не жеп жүрміз? Гендік модификация – биотехнологиялық жолмен улы заттарға, суыққа, ыстыққа төзімді өсімдік түрін жасап шығару. 1950 жылдарда атом энергиясымен қосанжарласа дамыған биотехнология ғылымы бүгінде осылай адам бағасына өсімдіктің Құдай жаратпаған жаңа түрлерін тұтынуға мүмкіндік тудырды. Мұның бір пайдасы – бүгінгі күні талғажу қылуға тиімді ас өнімдерін дайындап шығаруға көмектеседі. Мәселен, қазір әлемдегі жеті миллиард халықтың бір миллиарды ашығып, халыққа тамақ тауып беру мәселесі туындап отырғанды биотехнологияның жетістігімен қиындықтан өтуге болады. Америка, Англия елдері ғалымдардың көмегімен осындай жаңа өнім түрлерін өндіріп, Кения, Индия, Африка елдеріне апаруды қолға алған. Бірақ, бұны мемлекеттік деңгейде жүргізбеген. Жекелеген кәсіпкерлердің қолымен жүзеге асырды. Бір ескере кететін жәйт, биотехнология арқылы өндірілген азық-түлік пен жеміс-жидектер өз елдерінде сатылуына жол берілмейді. Биотехнология арқылы ас өндіруді Қытай мықтап қолға алған. 9,2 миллиард шаршы шақырым жерде екі миллиардтай халқымен нығыздалып отырған Қытайдың, әрине, кең алқапқа егіс салып, жағасын жайлауға жіберіп жатуға мүмкіндігі жоқ. Сол себепті де, химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді шектен тыс пайдаланып, жылдам өсіп шығатын, тез пісетін және ұзақ сақталатын өсімдіктер өсіру жолын пайдаланды. Ғылымның осы түрінің арқасында бүгін адам баласы азық-түлік, жеміс-жидек пен көкөністер тұтына отырып, түрлі жан-жануарлар мен жәндіктердің генін сіңіруде. Мәселен, оңайлықпен езіле қоймайтын қып-қызыл тастай қызанақ жеп отырып, ағзасына акуланың азу тісінің генін еніп жатқанын байқай бермейді. Сол секілді, құрт тұмсығын батыра алмайтын, қап-қатты, әдемі алмамен бірге шаянның, ал бір түйірі бір келіге дейін баратын картоппен бірге доңыздың генін ағзаға сіңіреді. Бір түйірі қызанақтай шиелерге тағы да сол доңыздың генін, ал жүгеріге жәндіктер залалын тигізбеуі үшін жыланның уынан алынған белсенді ген енгізілетін көрінеді. Түсінікті тілмен айтқанда, мәселен, акуланың азу тісінің бір генін алып, қызанақ жасушасының ішіндегі ДНК-ның бір бөлігімен алмастырып жібереді. Осылайша қызанақ ДНК-сы өзгеріп, мүлдем басқа өсімдік өсіп шыға келеді. II. Тыңдалым тапсырмасы. Гендік тағамдар, шетелден келген тағамдардың сақталуы, адам ағзасына әсері жайында мәлімет тыңдау. Оқылым және тыңдалымнан кейінгі тапсырма. 1-тапсырма. Қалыптастырушы бағалау. Оқылым мәтініндегі тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланады. (Қарамен белгіленген) 1-топ. Оқушылар синонимдік қатармен ауыстырып жинақы мәтін жазады. 2-топ. Гендік тағамдар, иммунитетке байланысты жарнама жасайды. 3-топ. Гендік тағамдар, иммунитетке байланысты класстер құрайды.</p>	Слайд https://twig-bilim.kz/ru												
	<table border="1" data-bbox="316 1462 1137 2011"> <thead> <tr> <th data-bbox="323 1473 643 1608">Бағалау критерийі</th> <th data-bbox="651 1473 707 1608">Тапсырма №</th> <th data-bbox="715 1473 1129 1608">Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="323 1619 643 1843">Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу</td> <td data-bbox="651 1619 707 1843">1 2</td> <td data-bbox="715 1619 1129 1843">Сауалнама сұрақтарымен танысып, кемінде үш адамнан жауап алады; Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді; Синонимдік қатармен ауыстырып жинақы мәтін жазады; Жаранамалай алады; Топтастыра біледі</td> </tr> <tr> <td data-bbox="323 1854 643 1921"></td> <td data-bbox="651 1854 707 1921"></td> <td data-bbox="715 1854 1129 1921">Мәтін көлемін сақтайды;</td> </tr> <tr> <td data-bbox="323 1933 643 2000"></td> <td data-bbox="651 1933 707 2000"></td> <td data-bbox="715 1933 1129 2000">Емле және тыныс белгілерінен қате жібермейді;</td> </tr> </tbody> </table> <p data-bbox="316 2045 1129 2134">Оқушылар топқа жүре отырып, берілген сауалнама сұрақтарына жауап алады. Алған жауаптарын салыстырып, диаграмма жасайды, топтан біреуі шығып қорғайды.</p>	Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу	1 2	Сауалнама сұрақтарымен танысып, кемінде үш адамнан жауап алады; Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді; Синонимдік қатармен ауыстырып жинақы мәтін жазады; Жаранамалай алады; Топтастыра біледі			Мәтін көлемін сақтайды;			Емле және тыныс белгілерінен қате жібермейді;	
Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор												
Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу	1 2	Сауалнама сұрақтарымен танысып, кемінде үш адамнан жауап алады; Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді; Синонимдік қатармен ауыстырып жинақы мәтін жазады; Жаранамалай алады; Топтастыра біледі												
		Мәтін көлемін сақтайды;												
		Емле және тыныс белгілерінен қате жібермейді;												
	<table border="1" data-bbox="316 2157 1137 2235"> <tbody> <tr> <td data-bbox="323 2168 627 2235">Қандай жеміс-жидек, көкөністерді ұнатасың</td> <td data-bbox="643 2168 1129 2235">Еліміздегі көкөніс, жеміс-жидектердің басым бөлігі шет елдерден әкелінетінін білесің бе,</td> </tr> </tbody> </table>	Қандай жеміс-жидек, көкөністерді ұнатасың	Еліміздегі көкөніс, жеміс-жидектердің басым бөлігі шет елдерден әкелінетінін білесің бе,											
Қандай жеміс-жидек, көкөністерді ұнатасың	Еліміздегі көкөніс, жеміс-жидектердің басым бөлігі шет елдерден әкелінетінін білесің бе,													

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (8 минут)	Гендік тағамдар тақырыбына сай «Иммунитетті көтерудің ең тиімді тәсілі» тақырыбында «ПОПС» формуласын пайдаланып шағын эссе жазу.	
Рефлексия (7минут)	Рефлексия. Өрмекші әдісі бойынша кері байланыс алу. Өтілген тақырып бойынша бір-біріне сұрақ қояды. Өрмекті шешу барысында бір-біріне бүгінгі сабақта қалай жұмыс жасағаны туралы айтып баға береді, тілек тілейді	